

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪɓbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мыс., ауыздан шыққанда *қорада бір қара ат тұр екен* дегенде *қара* деген *ат* деген сөздерді ауыздан шығуынша *қарат* деп жазбай, *қара ат* деп жазады.

Тұйық айтылатын дыбыс – дауыстап айтуға көнбейтін дауыссыз дыбыс. А.Байтұрсынұлы сөз әуезді, құлаққа жағымды болуы үшін сөз ішіндегі дыбыстардың үнді болуы, яғни дауысты дыбыстар көп болуы қажеттігін, дауысты мен дауыссыз дыбыстар ретімен келуі керектігін ескертеді. Ғалым әуезді сөз бен әуезсіз сөзді сипаттау үшін «шамалы» деген сөз бен «шанышқы» деген сөзді өзара салыстыра келіп, «шанышқы» сөзі құлаққа жағымды болмайтынын ескертеді. Себебі «шанышқы» деген сөзде «1) дыбыстар реттеліп, бірі дауысты болғанда, екіншісі дауыссыз болып келіп отырған жоқ; 2) дауысты дыбыстары аз, сондықтан мұның үні жатық емес, мол да емес» екенін айтады. Яғни, үні кем, жатық болмаған соң «шанышқы» сөзі құлаққа жағымсыз болып естілетінін ескертеді.

Тұйық дыбыс – дауыстап айтуға көнбейтін, тұйық айтылатын дауыссыз дыбыс. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 17 дауыссыз дыбыс барын айтады: «Он жеті дыбыс тұйық айтылатын болғандықтан, яғни дауыстап айтуға көнбейтін болғандықтан, *тұйық дыбыс* яки *дауыссыз дыбыс* деп аталады». Ғалым дауыссыз дыбыстар көп келген сөз үнсіз болып, сөз әуезді болмай қалатынын ескерте келіп, 1) ішіндегі дыбыстардың бірі дауыссыз, екіншісі дауысты болып, реттеліп келіп тұратын; 2) дауысты дыбыстар ішінде көп болатын сөздер үнді болып шығатынын айтады.

Тұқыл – түбір мен жұрнақты жалғаудан айырып сөйлегендегі сөз тұлғасы. Жалғау түпкі етістердің түбіріне, туынды етістердің тұқылына жалғанады.

Тұрсынова Мархаба Ахметқалиқызы (1966) – тілтанушы ғалым, филол.ғыл. кан. 2002 жылы «Қазақ, қырғыз және өзбек әдеби тілдерінің дыбыс жүйесіндегі ерекшеліктер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Диссертацияда қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінің негізгі ерекшеліктері, дыбыс жүйесі, әр тілдің өзіне тән заңдылықтары, оның ішінде дауысты, дауыссыз дыбыстардың сипатына байланысты ерекшеліктері мен ұқсастықтары, дыбыстарды қолданудағы тілдің әртүрлі деңгейіне байланысты айырмашылықтары, жеке тілдің ішкі табиғатына тән өзгешеліктері қарастырылған. «Түркі тілдерінің генетикалық байланыстары: синхрондық, диахрондық аспектілері» атты монографияның авторы.

Тұтас жазылу – бірге жазу. А.Байтұрсынұлы қос сөздегі екі сөз бірыңғай болса, яғни, екеуі бірдей я жуан, я жіңішке айтылса, екеуі айырылмай, тұтас жазылатынын ескертеді (*басқұр, қолған, айбалта, Алтынбай, Баймырза*).

Тұтас күйінде асыру – тасымалдаған кезде сөзді не буынды келесі жолға тұтасымен көшіру. А.Байтұрсынұлы тасымалдаған кезде әуелі, сөзді буынға дұрыс бөлу; екінші, бір буынды бөлмей, тұтас күйінде асыру; үшінші, жалғыз харіфті, буын бола тұрса да, қалдырмай келесі жолға асыру керектігін ескерте келіп: «Жалғыз харіф буын бола тұрса да, қалынбайды да, асырылмайды да. Мыс., *а-ға-лар* деген сөзде бас буын жалғыз харіф «а». Қағида бойынша бұл «л» өз алдына